



010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламента

«__» _____ 20 __ года

2023 ж. «20» наурызда жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
О.А. Бектеновке**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Олжас Абайұлы!

Өткен Ұлттық Құрылтайда еліміз үшін келелі саяси-идеологиялық, өзекті адами құндылықтар мен азаматтардың құқықтары туралы, сондай-ақ маңызды әлеуметтік-экономикалық нақты жобаларға қатысты мәселелер көтерілді.

Мемлекет басшысы бәріміз көтеріп жүрген үлкенді-кішілі өзекті ойларды нақтылап, оларды іске асыру бағыттарына тоқталды.

Құрылтайда өз тарапымнан сұрапыл соғыста қасық қаны қалғанша ерлік көрсеткен майдангерлеріміздің, **Президент айтқандай: «Адал адам»** қағидатына сай тарихи тұрғыдан әділ бағалануы тиіс екенін көтердім.

Өйткені, әлемдегі барша ұлттарды жойып, өздерінің нацистік идеологиясын орнатқысы келген фашистерге аталарымыз қасқайып қарсы тұрды.

Бірақ, бүгін тек бейбіт қоғамда өмір сүріп, оқ-дәрінің иісін сезбеген, Отан үшін күрестегі шайқастармен терең таныспаған ұрпағымыздың кейбір өкілдері тарихи оқиғаларымыз бен айбынды тұлғаларымызды жоққа шығарғысы келеді.

Бұл – тарихымызға жасалған қиянат, батырлардың рухына деген құрметсіздік.

Ел боламыз десек, әрбір тарихи оқиғаны, сол аламанның бел ортасында жүрген дара тұлғалардың есімін – жас ұрпақтың жадында тасқа қашағандай етіп таңбалауымыз керек.

Мысалы, әлемнің көптеген елдері өз тарихын тұғырлы тұлғалармен тығыз байланыстырады, тіпті олардың есімдерімен арнайы дәуірлер мен кезендерді атайды. Оған қоса, мемлекеттерінің ордендері мен медальдарына ұлы көсемдерінің, даңқты қолбасшыларының есімдерін берген. **Бұл ұлттың ұлылығын және оның саяси мәдениетінің биіктігін көрсетеді.**

Осы ретте, кешегі Ұлттық Құрылтайда Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев тарихи әділдікті орнату үшін елімізде аты аңызға айналған қаһармандарымыз –

Бауыржан Момышұлы, Рақымжан Қошқарбаев, Сағадат Нұрмағамбетовтың есімдерімен аталатын арнайы ордендерді тағайындауды ұсынды.

Президенттің бұл ұсынысы – адамзат өркениетінде зардабы жөнінен бұрын соңды болмаған, миллиондаған адамдардың өмірін жалмаған, тағдырларын талқан еткен екінші дүниежүзілік соғыста от кешкен бір миллион 400 мыңдай қазақстандық майдангерлердің рухына деген нағыз құрмет.

Бұл отаншылдықты, ұлттық бірегейлікті нығайтуға зор ықпал етеді.

Бірақ батыр бабаларымыздың рухына көрсетілген Құрылтайдағы игі бастама ақпараттық тұрғыдан жан-жақты таратылмай, қоғамда лайықты деңгейде насихатталмады.

Сондықтан, бірінші кезекте, біз Мәжіліс депутаттары осы тың идеяға арнайы тоқталуды жөн көрдік және аталған ұсынысты заңды түрде бекітуіміз қажет. Бұл шешімді тез арада алдағы маңызды мерекелерге дейін қабылдап, алғашқы сарбаздарымызды еліміздің біртуар перзенттерінің атындағы мәртебелі ордендермен марапаттауымыз керек.

Бүгінгі біздің депутаттық сауалымыз – Құрылтайда көтерілген мәселелерді Парламент мінберінен Үкіметке арнайы ресми түрде жолдау.

Осыған орай Үкімет:

Біріншіден, қазірден бастап майдангерлеріміздің атын мәңгі есте сақтау іс-шараларын қолға алсын.

Екіншіден, Екінші Дүниежүзілік соғысқа қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізуді қайта жаңғыртып, майдангерлердің деректерін цифрландырып арнайы Ұлттық порталды жасақтасын.

Үшіншіден, бұл жұмыстарға көпжылдық тәжірибесі бар қоғамдық ұйымдар мен мамандарды тартсын, аталған жобаларды барлық көздерден қаржыландыруды қарастырсын.

Егер осы міндеттерді тыңғылықты іске асырсақ, майдангерлер алдындағы адал перзенттік парызымызды орындап, тарихи әділдікті қалпына келтіреміз.

**Құрметпен,
«AMANAT» Фракциясының
депутаттары**

**Е. Жаңбыршин
Е. Бейсембаев
С. Пономарев
Е. Әбдиев
Ү. Шапақ**